


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ  
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ КАФЕДРАСЫ



III Халықаралық Фараби оқулары және «Жас тілшілер»  
атты IV Қожакеев оқулары аясында  
**«ӘЛ-ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚТЫҢ ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН»**  
атты студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми форумының

## МАТЕРИАЛДАРЫ

*14 сәуір, 2016 жыл*

## МАТЕРИАЛЫ

научного форума студентов и молодых ученых  
**«АЛЬ-ФАРАБИ – ПО ШЕЛКОВОМУ ПУТИ МУДРОСТИ»**  
в рамках традиционных III Международных Фарабиевских чтений и  
IV Кожакеевских чтений «Жас тілшілер»

*14 апреля, 2016 г.*

## PROCEEDINGS

of the Scientific Forum of students and young scientists  
**«AL-FARABI – ON THE SILK ROAD OF WISDOM»**  
as a part of the traditional III International Farabi readings and  
IV Kozhakeev readings «Zhas tilshiler»

*April 14, 2016*

*Алматы*

«...наконец, злодеем может быть вольнодумец – это уже злодей настоящий, и притом опаснейший и нераскаянный» [17, 166].

«Градоначальник обязан насаждать науки. Это так. Но и в сем развее необходимо дать себе отчет: какие науки? Науки бывают разные; одни трактуют об удобрении полей, о построении жилищ человеческих и скотских, о воинской доблести и непреоборимой твердости – они суть полезные; другие, напротив, трактуют о вредном франкмасонском и якобинском вольномыслии, о некоторых, якобы природных человеку понятиях и правах, причем касаются даже строения мира – сии суть вредные. Что будет, ежели один градоначальник примется насаждать первые науки, а другой – вторые? Во-первых, последний будет за сие предан суду и чрез то лишится права на пенсию; во-вторых, и для самих обывателей будет от того польза, а вред. Ибо, встретившись где-либо на границе, обыватель одного города будет вопрошать об удобрении полей, а обыватель другого города, не вняв вопрошающего, будет отвечать ему о естественном строении миров. И таким образом, поговорив между собой, разойдутся. Следственно, необходимость и польза градоначальнического единомыслия очевидны» [18, 169].

«Сен соңында айтарымыз: философиялық таным да, әлеуметтік сатира да, көркемдік сана да қазыпалыда калып қоймайды. Ізденеді, із тастайды, ілгері басады. Жоғарыда айтып кеткен айтыстарымыз да, сатирик қаламгерлерлеріміз де, ғалымдарымыз да осы заманда өмір сүрсе, бәлкім, басқанда принципті басшылыққа алар ма еді, қайтер еді. Әйтеуір, баршамыздың да қаузағанымыз аманаттың дәл өзі болмаса да, соның маңайы. Қытайдың әлемге мәшһүр ойшылы Конфуций атап айтқандай, «ақихатты таңертең тани алсаң, кешкісін о дүниеге аттана беруге болады».

#### Әдебиеттер

1. Абу-Фарий Абу Наср. Добродетельный город. – Алматы: Международный клуб Абая, 2014.
2. Абу-Фарий Абу Наср. Добродетельный город. – Алматы: Международный клуб Абая, 2014.
3. Ахметов А. Узнаёте ли вы своего начальника? – Алматы, 2016.
4. Ахметов Т.К. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
5. Ахметов В.Г. Концепции власти: аналитический обзор // Антропология власти: Хрестоматия по политической антропологии: В 2 т. / Сост. и отв. ред. В. В. Бочаров. Т. 1. Власть в антропологическом дискурсе. СПб., 2006.
6. Ахметов Т.К. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
7. Ахметов В. М.Е. Салтыков-Щедрин: Литературно-критический очерк. – М.: Советский писатель, 1939.
8. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I. – М.: Художественная литература, 1984.
9. Ахметов Т.К. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
10. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I. – М.: Художественная литература, 1984.
11. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I. – М.: Художественная литература, 1984.
12. Ахметов Т.К. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
13. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I. – М.: Художественная литература, 1984.
14. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I. – М.: Художественная литература, 1984.
15. Ахметов Т.К. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
16. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I. – М.: Художественная литература, 1984.
17. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I. – М.: Художественная литература, 1984.
18. Салтыков-Щедрин М.Е. Избранные сочинения. Т. I. – М.: Художественная литература, 1984.

**ҚАБЫЛҒАЗИНА К.,**

*Баспасөз және электроны БАҚ  
кафедрасының профессоры*

#### «САТИРА- КҮШТІЛЕР ҚАРУЫ»

90 жасқа толып, мерейлі мерекесі аталып өтілгелі отырған сатира сардары Т.Қожакеевтің бір сөзін осылай аталады. Қазіргі тәуелсіздік дәуірінде адам санасы, адам парасаты үшін әрекет ету, алдында биік мақсаттарға баулу – қоғамдық алғы шарттардың бірі. Жастарды жоғарғы адамгершілік, адалдық, патриотизмге адалдық, жалғандыққа ымырасыздық рухында тәрбиелеу – өнер ұрандыларының басты міндеті. Ал, сатира адамды қалай тәрбиелейді?

Сатираның негізгі мақсаты- ізгілік, игілік. Ол адамдарды адал өмір сүруге, арлы болуға, намысшыл болуға үйретеді. Жалақорлар мен өтірік, өсек таратушыларға қарсы күресе білуге баулиды, кемшілікті көреді. Сатира арқылы жұрт өмірлік болмыс, құбылыстардың қайсысы зиянды, қайсысы пайдалы екенін, нені қолдап, неге қарсы күресу қажеттігін ұғынады. Зиянды кемшіліктерден сақтанды, соларға қарсы күресіп, оны жоюдың жолдарын үйренеді.

Қазақ сатирасы бүгінгі таңда даму үстінде. Ермахан Шайхыұлының қолдауымен “Түркістан” газетінде “Қыйсық ине” деген бет ашылды, Түркістан каналында «Сөз қамшы» деген телебағарлама көрсетіледі. «Жас Алашта» бұрын «Сүзеген сөз» деп бастап, кейіннен «Біртүрлі бет» деп шығарыла бастады. «Айқын газеті» ашылған кезден бастап «Жатыпатар» деген сатиралық бетке орын берді. Кейіннен тағы «Бесінші жатақхана» деген бет ашылды. Ол да күні бүгінге дейін жарық көріп келе жатыр. «Егемен Қазақстанда» «Сөз сойыл» атты сатиралық айдар бар. Бұрын ол «Мүйіз тұмсық» болып келді. «Алматы ақшамындағы» сатира-юмор бөлімін Мұхтар Шерім жүргізіп келе жатыр. «Тазшаның тақиясы» деген Толымбек Әлімбаевтың жүргізген рубрикасы болды. Қазақ әдебиетінде де Еркін Жапастың жүрізетін сатиралық беттері бар. Негізінен бұрынға сатира мен бүгінгі күнгі сатираның сипаты бір, тек бүгінгі күнгі сатираның мән-мағынасы ауқымды, терең, мақсаты – қоғамдағы әділетсіздікті, жемқорлар мен паракорларды әшкерелеу, бай мен кедейдің ара салмағын байыптап, оқырманына келемеждей жеткізу. Себебі қоғамда болып жатқан дүниелердің өзі сатира. Айталық арақ ішіп жүріп жұлдыз болған Сайлаубек, инстаграм желісінде барша қауымды шулатып жүрген ЕАП деген парақшаның таратып отырған дүниелері, тіпті саясаттың өзі сатира! Бүгінгі сатира өмірін жалғастыруда.. Тек қана сатираға насихат болмай отыр.

Бүгінгі қоғамда сатираны елейтін, ескеретін іс-шаралар да мүлдем жоқ. Ақындардың мүшайрасы өтіп жатады, ал сатириктер мүшайрасы деген естілмеген жайт. Жыл сайын әр түрлі бағытта өтіп жататын байқауларда да сатираға орын жоқ.” Көгілдір жәшікті әлжуаз, дімкәс, мүгедек қойылымдар жаулап алды” –деп сатираның жанашыры Мұхтар Шерім айтқан екен. Онысы рас, әрине. Саны көп, сапасы жоқ, театрларымыз да баршылық. Атап айтар болсақ ”Шаншар”, ”Базар жоқ”, ”Алдараспан”, ”Нысана”, ”Өнер қырандары” тағысын тағы. Енді осылардың ішінен халықтың ықыласына бөлініп жүрген театр деп Тұрсынбек Қабатовтың «Базар жоқ» театрын айта кетсек болады. Көрерменнің назарын аударуға алатын, күнделікті болып жатқан әлеуметтік, саяси, экономикалық мәселелерді шығармаларына арқау етеді.

Сатирада тәрбиелік мән, ықпал болуы үшін ол жайларды жай хабарлай салуға тиісті емес. Кемшілік бар, дерт бар деп айқайлау да жеткіліксіз. Сатира кім не істеді, неге істеді, не болды, қалай болды деген сұрақтармен ғана шектелмеуі керек, дерт иелері осыны істеуге қалай қалыптасты, неге мәжбүр болды, бұған жеткенше, осынша құлдырағанша қандай жолдардан өтті. Демек бізге теріс мінез, зиянды құбылыстардың орын алу себебін, тамырын ашып, аршып көрсететін сатира қажет. Фактіні тіркеп, баяндаумен шектелу сатираға жатпайды. Сатираға арқау болатын күлкілі жайттар да тіршілік-тұрмыс шындығына, өмір логикасына негізделген болуы керек. Тұрсынбек Қабатовтың доллардың өсуіне байланысты сахнаға алып шыққан мына бір монологы көңілге қонымды, шынайылықты сипаттайтын туынды десек артық айтқандық емес...

«Қазақ елі әлем бойынша ең сабырлы халық деген номинацияны жеңіп алған екен. Дүниежүзі бойына доллар көтерілген, қазақ елі ғана тыныш болған екен. Көшеге шығып демонстрация деп шуылдап, халықты көтеріп, билікке қарсы шықпаған екенбіз. Қазақстанда девальвация болып жатқанын Англияның журналистері естіп, бақылауды бастайды. Доллар 187 ден бірден 260 қа барды. Журналистер не болады екен деп күтеді. Сөйтсе қазақтар көшеде спокійно жүр екен. Журналистер не жазарларын білмей таңқалып қалыпты. Көшедегі адамдарды тоқтатып алып доллар көтерілейін деп жатыр екен, қазірдің өзінде 260 болып тұр деп айтса, бұл ешнәрсе емес, әлі 360 болады деп жатыр деген жауап қатып күлімсіреп тұр дейді. Журналистер жағаларын ұстап, мынау не деген сабырлы халық деп айтқан екен ғой... Біз қазақ негізі қымбаттағаннан қорықпайтын халықпыз. Біз арзандағаннан қорқамыз. Мысалы, қазаққа айтшы мынау машинасын сатайын деп жатыр, салонда 60 мың доллар тұрады, 20 мың долларға берейін деп жатыр, алып алсайшы десең, әй документі дұрыс емес шығар дейді. Арзан затқа сенбейміз біз. Одан да салоннан сатып алайын 60 мың долларға, за то бес жыл рақаттанып айдып жүремін дейміз. Өліп талып бес жыл кредит төлейтіні есінде жоқ та. Тіпті дүкенде жүрсек те, тауарлар қымбаттап жатса, яғни 100 теңге тұратын зат 120 теңге болып жатса, мә мынау кеше 100 еді бүгін 120 болып кетіпті ғой, кеше 80 еді, бүгін 85 болып кетіпті ғой дей саламыз. Ал сол 100 теңге тұратын затың 80 теңге болып кетсе, мынау неге арзандап кеткен? Әй, сатушы, мынаның бағасы неге түсіп кеткен? Тұрып қалған ба не? Әлде сапасы төмен ба? Жо-жоқ бәрі дұрыс, тек қана бағасы түсті десе, қой құрысын сапасы нашар болғаны ғой, алмаймын онда деп кетіп қаламыз. Біз өзі сондай халықпыз, арзандағаннан гөрі қымбаттағанды жақсы көріп тұрамыз. Біз енді доллар көтеріліп жатыр, кетіп жатыр деп айтып жүрміз, кете берсінші сол доллар. Ақ жолын төсеп, баршы айналайын деп шығарып салу керек соны... Евро екеуің кетіп қалыңдаршы, келмендерші вообще деп. Құдайға шүкір өзіміздің төл теңгеміз бар, үйді де, машинаны да теңгемен алайық, болды. Не керегі бар доллардың? Рубль енді жүре берсін, ешкімге зияны жоқ. Бестен аспайды өзі, ол байқұсты ешкім қарап та жатқан жоқ. Біз сол долларды байқаймыз, бензинді байқаймыз, бәрі әйтеуір

көтеріліп жатыр, хорошо что зарплата көтерілмей тұр. Зарплата көтерілсе не істейміз? Доллар сияқты зарплата көтерілсе өздеріңіз ойлаңыздаршы... Мәээээ, менің зарплатам 80 ге көтеріліп кетіпті ғой, енді түстен кейін 120 болады деп жатыр бастық. Кешке еше 360 болады деп жатыр. Не істеймін деп жүрсек, қандай керемет, иә?” Міне, жоғарыда айтылып кеткен автор сатираның талаптарына сай, халықтың жүрегіне жететін дүниені осындай юморлық жолмен жеткізе білді.

Ермахан Шайхыұлы бір сұхбатында: «Үштаған түгелденбей, сатираның жағдайы жақсармайды», - деген еді. Мұндағы үштаған деп отырғаны, бірінші автор, екінші режиссер, үшінші актер. «Осы үшеуі бірігіп жұмыс істемей сатираның сапасы кірмейді. Ал бүгінгі күні, сатириктің жазған дүниесі, өзгеріске ұшырап режиссердің қолына, кейін ол тағы да өзгеріп актерлердің қолына, ақыры аяғында негізгі мағынасын жоғалтқан күйі көрерменге жол тартады. Содан кейін, көбісі орыс сатираларына ұқсас салады. Негізін, қаңқасын алып алып, өзгертіп, сахналық қойылымға айналдырып жібереді. Барлық эзіл-оспақ отауларының кемшілігі осы. Нақты сатириктерге тапсырыс берілмейді, сатириктермен байланыстары жоқ деп айтсақ болады», деген еді. Бұл сөздерінің жаны бар. Сондай-ақ «Қазақ сатирасы және сүреңсіз сахна» деген Ермахан Шайхыұлының сөздеріне үңілер болсақ: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген сөзді айтқан Абай күлкінің астарына үлкен мән берген. Бұл сөз осыдан бір ғасыр бұрын айтылса да әлі өз маңызын жоя қойған жоқ. Рас, қазақ – астарлап айтуға, мақтап отырып мақтамен бауыздауға шебер халық. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деп реті келсе, жезде, жеңге, құрдас тағы басқа жақын жұрағаттарымен сөз қағыстырып, эзіл жарастыра білген. Бұл, әрине, халық ішінде жүрген айтқыштардың маңдайына жазылған бақ. Ал осы ешкімнің көңіліне кірбің түсірмейтін шынайы күлкі мен астары мол өткір сатира сахнада қалай көрініс беріп жүр? Осы сауалға жауап беруге келгенде кәдімгідей дағдарып қалатынымыз тағы да ақиқат. Бір қарғанда қазақ сатирасының айдарынан жел есіп тұрған сияқты. Өйткені біз эзіл-оспақ отаулары мен комедия театрларына кенде емеспіз. Ал енді осы жауыннан кейін шыққан саңырауқұлақтай қаптаған өнер ұжымдарының қойылымдарын көріп, қарның ашады. Күлуге дайындалып отырып, жылап жібере жаздайсың. Себебі, күлкіде ойнақылық емес, дарақылық бар, анайылық басым. «Күле білу – өнер, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім» демекші, эзіл-сықақтың мақсаты бүкіл бір халықты бірдей өлтіру емес, қайта сол халықтың атына кір келтіріп жүрген надандарды тезге салу, әттеген-айларды түзеу емес пе?! Өртістеріміз соны түсінбейтін сыңайлы. Әлде бұл «тисе терекке, тимесе бұтақханың кері ме?». Сахнадағы әртиске қарап отырып, оны «өнер көрсетіп жүр» деп емес, мал шайырып жүр дегенге көбірек ұқсайды. Себебі, құр айқай, ақырып-шақыру көп. Жігітті қызша, әркімді кемпірше киіндіріп, оған іс-қимыл арқылы күлдіру – актерлік шеберлікке жатпайды. Мұндай арзан күлкімен халықты әсте алдауға болмайды ғой». Мінеки, сатиралық теорияның негізін салушы Төмірбек Қожекесевтің сатира мектебінен өткен азаматтың, дамушы театрларға айтар ақылы орынды әріне.

Бұрынғы газеттерде, «Сыннан кейін» «Бізге құлақ асты», деген сияқты айтылған сынның көпжесін жариялап отыратын газет рубрикалары болған. Ал бүгінгі күні сыни фельетон, мақала, сатиралық туынды жазу деген мүлде жоқ. Бұған дәлел ретінде, Мұхтар Шерімнің мына бір пікірі дәлел бола алады: – Жалпы, сатира – жауынгер жанр. Сатира жазу кім көрінгеннің қолынан келемейді. Әу дегеннің бәрі ақын ғой қазір. Бірақ сатираның жүгін сүйреу, оны арқалау, деген жеріне жеткізу қиынның қиыны. Бұл – талант арқылы келетін нәрсе. Сатираның мақсаты – қоғамдағы аяқталмаған мәселелерді дер кезінде көрсету. Алдын-ала сақтандырады. Өкініштісі сол, сатираның фельетон жанры құрып барады. Фельетон сатираның уытты жанры болғандықтан оған ешкімнің қолы жетпейді. Көбі жеккөрінішті болып, жау арттырып керегі не деп ойлайды. Әйтпесе, фельетон жазудың дәуірі енді келді. Жан-жағыңызға қарасаңыз, фельетонға жүк боларлық небір тақырыптарды көзіңіз шалады. Кеңес дәуірінде 5 теңгені жеп қойған дүкеншіні жазсақ, жұмыстан алып тастайтын. Қазір керісінше біреуді сынасаң, ол ертесіне көтеріледі. «Алақаным қыши береді» деген фельетоным үшін балабақша меңгерушісі сотқа берген. «Алақанымның қышығанын қайдан көрдіңіз?» дегенде соны дәлелдей алмай қор болдым. Образды түрде жаздым, сатиралық тәсіл десем, түсінебейді. Бүгінде «моральдық зиян шектім» деп қудалайтындардан жасқанып, бұл жанрға ешкімнің қолы жетпейді. Фельетон жазсаң өзіңді сотқа сүйреп, моральдық шығын өндіріп алады. Сол себептен де фельетон жазатындар аз. Неге тас лақтырсаң сатириктің басына тимейді? Себебі жүгі ауыр. Алып жүрте қорқады. Ол үшін ешкімнен тайсалмайтын, батыр адам болу керек».

Сатира-халық мүддесін, халық мұқтажын жоқтауға тиіс. Халықтың жүрегін ауыртып, ашу ызасын көрсетіп жүрген көңілсіз көріністерді қалың бұқара пайдасына ыңғайландыра әшкерелеген сатира сына қоғамдық мәні бар сатира болып саналады. Күлкі, сарказм, келемеж арқылы, адамның қытығына тиме білу, екінің бірінің қолынан келе бермейтін дүние. Түйреп, шаншып, лап еткізіп отқа май құя салу оң-оңай. Бірақ астарлы эзілмен, саналы оймен, және асқан шеберлікпен жеткізе білу қиынның қиыны.

Республикамызда сатириктерді даярлайтын мектеп жоқ, мектеп түгілі, пән де, тіпті курс та жоқ. Сатира алфавитінің негізін қалап кеткен Темірбек Қожекеевтің кітаптары ғана келер ұрпаққа қалары. «Бурабай әзіл фест», «Ду-думан» сияқты әзілкештер жарысын көріп отырып, еркіз басқа арнаға ауыстыруға мәжбүр боласың. Әділ қазылар алқасында да сатираға, юморға қатысы жоқ азаматтар отырады. Театр актерлері әділ қазы алқасы болып отырғанымен, сатирадан өздерінің теориялық білімдерінің жұтандығын білдіріп алады. Теориялық білімі мықты болып, кемшіліктерді атап, факт бойынша сөйлеп, сатиралық шығармаға қойылатын талаптарды айта кетіп, түсіндірер болса, дамымайды емес, сатира дамиды. Сатира – бір қарағанда оңай, жеңіл-желпі сөздермен езуге күлкі сыйлайтын жанр көрінгенмен, олай емес, керісінше, салмағы да, сөзі де ауыр сала. Алдар Көсенің кесімді қалжыңдары арқылы біздің ата-бабамыз өсіп-өнсе, бүгінгі ұрпақ та осындай татымды қалжыңдарға қанық болуы керек. Себебі, юмор - өмір. Өмірдің өзі - әжуа, өмірдің өзі күлкіге толы. Кезінде қазақ сатирасында жарқын бейнесімен, қазыналы қалжыңымен есте қалған Тоқсын, Уәйіс, Құдайберген сынды сатириктердің орны ерекше еді. Қазақтың белгілі сатирик-жазушысы Сейіт Кенжеахметовтің: «Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім» деген қанатты сөзі бар. Бүгінгі сатирамыздың деңгейіне, әсіресе оқырмандар көңілі толмайды. Оқырман қауым іздегенін тауып, тыңдағанда айызы қанып, қанағат етіп жүрген жоқ. Әрбір істі ширататын, ілгері бастыратын – сын. Сатираның да өрлеп, өрістеп кете алмауының бір себебі-сол сынның өресіздігінде. Қорыта айтқанда, әрбір халықтың жан дүниесі оның ән-жырынан ғана емес, күлкі-сықақ, әзіл-оспағынан да көрінеді

**ӘЛІМЖАНОВА А.Б.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы*

### **БЛОГТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА НЕГІЗДЕРІН ОҚИТУ ТӘСІЛДЕРІ**

Ғаламтор қоғамдық пікірді қалыптастырудағы, адамдар арасында байланыс орнатуға мүмкіндік беретін құрал. Алайда, оның төңірегінде туындап жататын даулы мәселелер мен ұлттық қауіпсіздікке зияны тиетін тұстары да жеткілікті.

Ал бүгінде Интернет атты алып әлемде қазақ тілінің жай-күйі қай деңгейде тұр және сол деңгейді көтере түсу үшін елімізде қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Соңғы жылдары сәнге айналған блогшылар, блог деген ұғым нені білдіреді? деген сұраулар көп қойылады.

Блог (ағылшынша blog, weblog – интернет-журнал, интернет-күнделік, онлайн-күнделік) – негізгі құрамы түрлі мәтіндерден, суреттерден не басқа мультимедиялық құралдардан тұратын жазбалардан құрылған веб-сайт.

Блогтар көбінесе қысқа ғана сипатта болады. Блогтың электронды күнделік жүргізуден ең басты айырмашылығы – оның көпшілік қауымға арналғаны, яғни оның ашық болуы. Сондықтан ғаламтор әлеміне «қолы жететін» кез келген адам жазбаларды оқуға, оған комментарийлер жазуға құқығы бар. Соның негізінде бұл ерекшелік блогтардың электронды пошта, веб-форум, жаңалық порталы, чат сияқты желі бөлімдерінен артықшылығын байқатады.

Блог жүргізетін адамдарды – блогерлер деп атайды. Ал желідегі барлық блогтарды қосқанда, оны блогосфера деп атау тұтынушылар арасында кеңінен тараған.

*1-кесте*

#### **БЛОГ ТҮРЛЕРІ**

<b>Авторлары бойынша</b>	
Дербес (авторлық, жеке) блог	Жеке бір адамдармен жүргізіледі (ереже бойынша оның иесімен)
«Елес» блог	Аты анықталмаған адамның бөтен адамның атынан блогты жүргізу
Корпоративтік блог	Бір серіктестіктің қызметкерлерінің блог жүргізуі
<b>Тақырыптық бағыты бойынша</b>	
Саясат	Саясатқа арналған блогтар. Әдетте саяси блогтарды көшбасшылар саяси партиялар мен саяси бірлестіктердің бірлестіктері, саясаткерлер жүргізеді
Тұрмыс	Әдетте бұл адамдар арасындағы қарым қатынас проблемаларын, психологияны, үй шаруашылығын жүргізу - яғни «тұрмыс», «жеке өмір» түсініктерімен байланысты проблемаларды қарастыратын блогтар
Саяхат	Белгілі бір елде өз-өзін қалай ұстау туралы кеңес беретін және басқа ұлттардың салт-дәстүрлері туралы айтатын авторлардың өзінің сапарларынан алған әсерлерімен

## МАЗМҰНЫ

<i>Сұлтанбаева Г.С.</i>	
Ұстаз. Уақыт. Шәкірт.....	3
<i>Кәкен Қамзин, Мұрат Шаймаран</i>	
«Бір Қаланың Тарихы» Хикаятындағы Әлеуметтік Сатира.....	5
<i>Қабылғазина К.</i>	
«Сатира - күштілер қаруы».....	9
<i>Әлімжанова А.Б.</i>	
Блогтық журналистика негіздерін оқыту тәсілдері.....	12
<i>Альжанова А.Б., Сейдеханов С.А.,</i>	
Социальная сеть facebook как новая четвертая власть в современном казахстанском обществе.....	14
<i>Барлыбаева С.Х</i>	
Влияние новых медиа на развитие современного общества.....	15
<i>Губашева Д. Т.,</i>	
Перспективность и востребованность PR-образования.....	17
<i>Zhanabekova M.A., Ulpan S.</i>	
The concept of politeness and its application in Kazakh and Chinese .....	19
<i>Майкотова Ф.,</i>	
Күле білу - өмір, күлдіре білу – өнер.....	22
<i>Mukanova G.K., Alimzhanova A.B.</i>	
Practice of training international journalist in al-Farabi kazakh national university.....	25
<i>Marzhan Azhibek</i>	
Intellectual nation as a dominant trend of innovative development of the republic of kazakhstan.....	27
<i>Сұлтанбаева Э.С</i>	
Әлеуметтік желілердің қызметі: әлеуметтік-саяси құбылыс және қоғамдық феномен.....	30
<i>Умирбекова Р.Қ.</i>	
Ахмет Байтұрсынұлы - терминология саласын қалыптастырушы.....	34
<i>Сембиева Г.</i>	
Қазақ ғылыми-танымдық публицистикасы .....	37
<i>Саденова А.Е., Сапарходжаева Н.П., Курманова Т.В.</i>	
Тіл үйретуде коммуникативтік әдістемелік ұстанымның маңыздылығы .....	41
<i>Mukanova G.K., Kozybaev S.K., Moldabekov A., Alimzhanova A.</i>	
Method of formation of creative information fields (the theory of ervin laszlo) .....	43
<i>Нода Л.П</i>	
Образ новой России в публицистике .....	44
<i>Ложникова О.П.</i>	
Методические основы работы телеведущего на современном канале.....	49
<i>Сейдеханов С.А.</i>	
Бренд-журналистика как основа контент-маркетинга .....	53
<i>Еркін Ж.Ж., Жайлыбаева З.</i>	
Латын әліпбиінің өзектілігі .....	58
<i>Қашев Б.А.</i>	
Ішкі істер органы қызметкерлерінің сөйлеу (тіл) мәдениеті жайында .....	59
<i>Тойлыбаева Аида</i>	
Ақпарат және журналистиканың халықаралық стандарттары туралы жалпы түсінік .....	61
<i>Қасымбекова М.Д.</i>	
Педагог-психолог маманның сабақтан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы білім алушыларды жан-жақты қалыптастыру жолдары.....	64
<i>Мамырбекова Г.А.,</i>	
Факторы социализации в семье и социально-педагогические особенности семейного воспитания .....	69
<i>Шекен Ж., Жақан Ә.Қ.</i>	
Дөңтай Қожамбетұлы поэзиясындағы бүкіл адамзаттық гуманизм және дін мәселелері.....	73